«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

010000, Астана қаласы, Сарыарқа көшесі, № 13,
тел.: 7 (7172) 556693

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ПО ВОПРОСАМ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА АСТАНЫ»

010000, город Астана, ул. Сарыарка, № 13,
тел.: 7 (7172) 556693

№ _____

«Қызық орда» шығармашылық тобы» қоғамдық қоры

«Астана қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) Сіздің 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 286871 шағымыңызға, Астана қаласы жастары арасында әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі 2026 жылға арналған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы № 16582849-ГСЗ1 мемлекеттік сатып алуға қатысты, өз құзыреті шегінде және қорытынды хаттама негізінде төмендегіні хабарлайды.

ҮЕҰ деректер базасына есептілікті ұсыну мәселесі бойынша. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 51 бұйрығымен бекітілген «Үкіметтік емес ұйымдардың өз қызметі туралы мәліметтерді ұсыну және олар туралы деректер базасын қалыптастыру қағидаларына» 6-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және филиалдары мен өкілдіктері бар үкіметтік емес ұйымдар өз филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін ескере отырып, өз қызметі туралы мәліметтерді ұсынады».

Осы орайда, жоғарыда аталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша конкурс құжаттамасын қарау кезінде конкурстық комиссия 3-тармақ бойынша бағалау жүргізу барысында «Үкіметтік емес ұйымдар деректер базасында әлеуетті өнім берушінің болуы туралы мәліметтер» «Жас Сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қоғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Астана қаласындағы филиалының (БСН 181241022040) конкурстық өтініміне қоса ұсынылған «Жас Сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қоғалысы» РҚБ (БСН 181140016097) құрылтай құжаттарын қарастырды.

ҮЕҰ деректер базасына есептілікті ұсыну мерзімдері бойынша. Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 41-бабы 5-тармағына сәйкес мәліметтер жыл сайын 31 наурызға дейін ұсынылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2026 жылғы 12 наурыздағы ресми хабарламасына сәйкес, Esep.govtec.kz платформасындағы ақпараттық жүйелердің үйлесімсіздігіне байланысты техникалық мәселелер орын алуына орай, ҮЕҰ деректер базасына мәліметтер қабылдау уақытша тоқтатылды.

Осылайша, ақпараттық жүйелердің техникалық үйлесімсіздігі туралы акт пен жүйенің жұмысындағы анықталған қателер негізінде ҮЕҰ деректер базасына мәліметтерді қабылдау мерзімі 2026 жылғы 30 сәуірге дейін ұзартылды.

Осы орайда, жоғарыда аталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша конкурс құжаттамасын қарау кезінде конкурстық комиссия 2025 жылғы есепті кезең аяқталмағандықтан, 2024 жылғы есепті кезеңді негізге алды.

Ресми хабарламамен келесі сілтеме арқылы таныса аласыз: https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/1179561?lang=ru

Басшы **С. Ибраев**

Орын: Е. Айдар
Тел.: 556617
Эл. пошта: e.aidar@astana.kz